

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы  
2022-2023 оқу жылының 1 - тоқсанындағы есеп  
(қыркүйек, қазан, қараша)**

Астана қаласы әкімдігінің «№69 «Еркем-ай» балабақшасы» МКҚК-да «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 6 қазандағы № 365-VI (өзгертулер мен толықтырулармен) Заңына сәйкес 2020-2021 оқу жылының 1- тоқсан ішінде келесі іс-шаралар өткізілді:

1. Мектепке дейінгі ұйымдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспары жасалды.

2. Ішкі бақылау жүргізілді (ай сайын, жоспарға сәйкес): қаражаттың жұмсалуды, тәрбиеленушілердің тамақтануын ұйымдастыру.

3. Мектепке дейінгі ұйымның әдеби қоры білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша қажетті әдебиеттермен толықтырылды.

4. Баннер орнатылды, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» тақырыптар бойынша ақпарат, Астана қаласындағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» ұйымдардың мекен-жайлары мен телефондары, мектепке дейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсетудің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 Ережелеріне сәйкес тәрбиеленушілердің ата-аналарына (заңды өкілдеріне) балабақшаға қабылдау ережелері және көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат жаңартылды және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стендке орналастырылды.

5. Балабақшаның сайтында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ақпарат орналастырылды (мектепке дейінгі ұйымдардың қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері туралы аналитикалық ақпарат, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижелері туралы ақпарат, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт, Әдеп кодексі). «Жедел желі» телефоны қолданылады, сыбайлас жемқорлық көріністерінің фактілерін анықтау, сондай-ақ құқық бұзушылықпен күреске қоғамды белсенді тарту мақсатында МДҰ әкімшілігінің ұйымдастыруымен азаматтарды жеке қабылдау ұйымдастырылды.

6. Ақпараттық стендте қызметкерлер мен ата-аналарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ақпарат орналастырылды. Ата-аналарға арналған жадынама жасалды («Білу маңызды!», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» және т.б.). Тәрбиеленушілердің ата-аналарына (заңды өкілдеріне) мектепке дейінгі ұйымның жұмысына, көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттануын анықтау мақсатында сауалнама өткізілді.

7. Жалпы ата-аналар жиналысында балабақшаның қызметі туралы есеп берілді. Топтық ата-аналар жиналысында тәрбиеленушілердің ата-аналарына (заңды өкілдеріне) білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат мәселелері бойынша түсініктемелер берілді.

8. Еңбек ұжымының жалпы жиналыстарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманың орындалуы, «күнделікті» сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімділігі мәселелері қаралды.

9. Балабақша меңгерушісі М.Ахметова білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын - алу мақсатында педагогикалық ұжымның жиналысын өткізді. Қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартпен, мектепке дейінгі ұйымның әдеп кодексімен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижелері туралы ақпаратпен таныстырылды.

10. Мектепке дейінгі ұйымда сыбайлас жемқорлық фактілері болған жоқ.

Меңгеруші:



М.Ахметова